

УДК 342.9

БИОМЕТРИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ, САҚТАУ, ӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚА- УІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ТӘУЕ- КЕЛДЕРІ

Е.К.Тортай ¹, А.Б.Омарова ²

¹Тортай Еркеназ Кенжекұлқызы - SDU University, Каскелен қаласы, Қазақстан, e-mail: 221405007@stu.sdu.edu.kz

²Омарова Айман Бекмуратқызы - Нархоз Университеті

Түйіндеме. Мақалада Қазақстандағы биометриялық деректерді жинау, сақтау, өңдеу және қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заңнамалық негіздері мен тәуекелдеріне тоқталамыз. Бұл зерттеудің мақсаты-биометриялық деректерді жинауды, сақтауды және өңдеуді реттейтін заңнамалық негіздерді талдау, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты тәуекелдерді саралау болып табылады. Жұмыс барысында биометриялық деректерге және оның түрлеріне жеке назар аударамыз. Мемлекеттік секторлар мен жеке компанияларда қызмет көрсету үшін биометриялық деректердің қалай жиналып,

өңделетінін және оны бақылап реттейтін ішкі нормативтік актілерге талдау жасалады. Мемлекет тарапынан жинақталған биометриялық деректерді сақтау үшін қандай шаралар ұйымдастырылғанын қарастыратын боламыз. Деректердің қауіпсіздігінен пайда болатын тәуекелдерге мысал келтіре отырып, алдын алу шараларын қарастырамыз. Қорытынды бөлімде автордың тәуекелдер болдырмау үшін ұсынған ұсыныстарымен танысамыз.

Түйінді сөздер: биометриялық деректер, аутентификаттау, идентификаттау, дербес деректер, дактилоскопия, бет бейне, ирис.

ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ ОСНОВЫ И РИСКИ СБОРА, ХРАНЕНИЯ, ОБРАБОТКИ И ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ БИОМЕТРИЧЕСКИХ ДАННЫХ

Е.К.Тортай ^{*1}, А.Б.Омарова ²

SDU University¹, г.Каскелен, Казахстан, e-mail: 221405007@stu.sdu.edu.kz)

Аннотация. В статье остановимся на законодательных основах и рисках сбора, хранения, обработки и обеспечения безопасности биометрических данных в Казахстане. Целью данного исследования является анализ законодательных основ, регулирующих сбор, хранение и обработку биометрических данных, а также дифференциация рисков, связанных с их использованием. В процессе работы уделяем отдельное внимание биометрическим данным и их видам. Для оказания услуг в государственных секторах и частных компаниях проводится анализ внутренних нормативных актов, регулирующих

то, как собираются и обрабатываются биометрические данные и контролируются ими. Мы рассмотрим, какие меры были организованы государством для хранения накопленных биометрических данных. Мы рассмотрим профилактические меры, приведя пример рисков, связанных с безопасностью данных. В заключительном разделе мы познакомимся с рекомендациями автора, чтобы избежать рисков.

Ключевые слова: биометрические данные, аутентификация, идентификация, персональные данные, дактилоскопия, лицо видео, радужная оболочка.

LEGAL FRAMEWORK AND RISKS ASSOCIATED WITH THE COLLECTION, STORAGE, PROCESSING, AND SECURITY MANAGEMENT OF BIOMETRIC DATA

E.K.Tortay ^{*1}, A.B.Omarova ²
SDU University¹, Kaskelen, Kazakhstan.
(E-mail: 221405007@stu.sdu.edu.kz)

Abstract. *This paper aims to analyze the legislative framework for biometric data collection, storage, and processing in Kazakhstan, as well as identify and differentiate the associated risks. The study will focus on biometric data types and their uses in public and private sectors. It will also examine the internal regulations of organizations that collect, process, and manage biometric data to provide services. Further, it will explore the measures taken by the state for storing and securing biometric data collected over time. Finally, it will present recommendations to mitigate risks and ensure the security of such data.*

Keywords: *biometric data, authentication, identification, personal information, fingerprinting, facial recognition, iris recognition.*

DOI 10.61995/bela/2024.1.1

Кіріспе. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуымен байланысты биометриялық деректер мемлекеттік қызметтерде, банк саласында және басқада қызмет көрсету салаларында жеке тұлғаны анықтаудың негізгі құралына айналууда. Саусақ іздері, бет бейнесі және ирис сияқты биометриялық деректер бірегей және оны өзгерту мүмкін емес, бұл оны ыңғайлы сәйкестендіру құралы етеді. Алайда, биометрия деректерін қолдану бірқатар құқықбұзушылыққа алып келеді, соның ішінде құпиялылықты бұзу, деректердің бұзылуы және оларды рұқсатсыз пайдалану қаупі бар.

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін талдау мен синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, ішкі заңнамаларды зерттеуге арналған салыстырмалы-құқықтық тәсіл, сондай-ақ олардың өзара байланысында биометриялық деректердің қауіптері мен қауіпсіздік шараларын қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл болып табылады.

Мақаладағы зерттеудің теориялық маңыздылығы **биометриялық деректерді**

пайдаланумен байланысты заңнамалық негіздер мен тәуекелдерді талдау болып табылады, бұл оларды қорғау мен құқықтық реттеуді жетілдірудің тиімді тәсілдерін жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы биометриялық деректерді жинау, сақтау және өңдеу тәуекелдерін азайту, сондай-ақ оларды құқықтық және техникалық қорғау тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады, бұл азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтарын сақтауға ықпал етеді.

Нәтижелер және пікірталастар.

Саусақ іздері, бет бейнелері және дауыстық сипаттамалар сияқты биометриялық деректер Қазақстанда жеке тұлғаны сәйкестендіру мақсатында белсенді қолданылады. Биометрияны өңдеуді реттейтін негізгі нормативтік акт «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы болып табылады. Сонымен қатар банк және микроқаржы саласында биометрияны пайдалану ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің 2024 жылғы 16 тамыздағы №56 Қаулысымен реттеледі.[6] Алайда, қолданыстағы заңнамада биометриялық деректерге аса мән бермейді. Негізгі тәуекелдердің ішінде деректердің бұзылуын, трансшекаралық беріліс кезінде жеткіліксіз қорғауды және өңдеу процесінде теріс пайдалануды атап өтуге болады. Мысалы, микроқаржы ұйымының деректерді бұзу жағдайы Zaimer.kz 2024 жылы биометриядан тұратын мәліметтер базасы осал болып қала беретіндігін тағыда көрсетті.[7] Тәуекелдерді азайту үшін заңнамалық реттеуді күшейту, шифрлау және көп факторлы аутентификация сияқты техникалық қорғау шараларын енгізу, сондай-ақ ұйымдардың бұзушылықтар үшін жауапкершілігін арттыру қажет.

Қазіргі таңда адамдар әртүрлі қызмет салаларында, әлеуметтік желілерде, қоғамда биометриялық деректерге негізделіп жасалған мобильді құрылғыларды соның ішінде биометриялық технологияларды жиі пайдаланады. Мобильді құрылғылар мен биометриялық технологиялар адамның жеке биометриялық деректерін пайдалану арқылы жұмыс жасайды. Биометриялық дербес деректер дегеніміз -жеке тұлғаны анықтау немесе растау үшін қолданылатын адамның бірегей физиологиялық және биологиялық сипаттамалары. Биометриялық деректер - бұл адамның физикалық, және мінез-құлық сипаттамалары арқылы жинақталады. Олар қазіргі заманғы қауіпсіздік жүйелерінің ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені олар дәлдік пен сенімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Биометриялық деректерді пайдалану арқылы адамның толық сұлбасын құрастыра алады, сонымен қатар оның өміріне тікелей қатысты ақпараттарға қол жеткізе алады. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңында «дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын дербес деректер, олардың негізінде осы субъектінің жеке басын анықтауға болады» - деп анықтама береді. [1] Ал халықаралық ISO/IEC 2382-37 стандартта «биометриялық деректерді жеке тұлғаның аутентификациясы үшін қолданылатын биологиялық сипаттамалардан алынған ақпарат» ретінде анықтайды. Бұл биометрияны сәйкестендіру жүйелерін құрудың негізгі элементіне айналдырады. [2] ISO. Биометриялық деректер өте көп қолданыста пайдаланып жатса да, оларды реттейтін және қорғайтын арнайы нормалар қарастырылмаған. Қазақстанда цифрлық технологияларды дамыту және оны қоғамның әртүрлі салаларында оның ішінде мемлекеттік қызмет салаларында пайдалану қарқынды дамып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанды IT-мемлекетке айналдыруды тапсырды. [3] Мемлекеттік органдар бұл бағытта тез жұмыс жасауда және цифрлық технологияларға тез бейімделуде, десе де осы саладағы заңнамалар өзгеріссіз

артта қалуда. Оған дәлел биометриялық дерек туралы тек анықтама ғана бар заңда, ал оны қалай жинау, сақтау, өңдеу, пайдалану жөнінде нормалар жекеше қарастырылмаған. Заңда дербес деректерді мемлекеттік органдар, заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыратын дербес деректерді өңдеуге байланысты қызметтің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттары мен құқықтық негіздерін ғана айқындайды. Ал дербес деректердің өзі өте ауқымды зерттелетін объект және оның өзі бірнеше түрлерге бөлінеді. Соның ішінде биометриялық деректердің өзі жеке зерттеуді қажет етеді. Деректерді дұрыс емес және заңсыз пайдаланудың өзі қаншама құқықтық салдарға әкеп соғады. Биометриялық деректер негізгі екі түрге бөлінеді: физиологиялық және мінез-құлық сипаттамалары болып және әр қайсының атқаратын қызметіде бөлек.

Физиологиялық сипаттамалары- бұл адамның физикалық ерекшеліктеріне негізделген және уақыт өте келе іс жүзінде өзгермейді. Оларға мыналар жатады: саусақ іздері — қол жеткізу жүйелері мен құқық қорғау органдарында қолданылатын ең кең таралған биометриялық технологиялардың бірі. Ирис - иристің ерекше үлгісі адамды жоғары дәлдікпен анықтауға мүмкіндік береді. Бет пішіні - бетті тану технологиялары мобильді құрылғылар мен бейнебақылау жүйелерінде белсенді қолданылады.

Мінез-құлық сипаттамалары - бұл адамның мінез – құлық және жүріс-тұрыс ерекшеліктері арқылы жинақталатын ақпарат. Дауыс-банктік қызметтерге және басқа ресурстарға қол жеткізу үшін дауыстық биометрия жүйелерінде қолданылады. Теру ерекшеліктері — жеке тұлғаны тану үшін пернетақтада мәтінді басып шығарудың жеке стилін қолдануға болады. Қозғалыс динамикасы — адамның жүрісі ерекше және оны қашықтықтан анықтау үшін пайдалануға болады.

Қазақстанда биометриялық деректерді пайдалану оларды жинау, өңдеу және сақтаудың құқықтық негіздерін, сондай-ақ қорғау шараларын белгілейтін нормалар бірқатар заңнамалық актілермен реттелген. Бұл құқықтық тетік инновациялық технологияларды пайдалану мен азаматтардың құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз

етуге бағытталған. Қазақстанның биометриялық деректері туралы негізгі заңнамалық акті ол «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заң. Бұл заң жеке деректермен қатар, соның ішінде биометриялық мәліметтермен жұмыс істеуді реттейтін негізгі ереже болып табылады.

Дербес деректерді жинау, өңдеу, қорғау ол заңда көрсетілген негізгі қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Заңның 6- бабында «дербес деректер қол жетімділігі бойынша жалпыға бірдей қолжетімді және қол жетімділігі шектеулі болып бөлінеді» - деп көрсетілген.[1] Биометриялық деректер қай түріне жататыны белгісіз, десе де олар қол жетімділігі шектеулі деректер болып қорғалу керек. Себебі, биометриялық дерек арқылы адамның жеке басын анықтауға және жасанды интеллект көмегімен оның сұлбасын жасауға болады. Бұл дегеніміз бір адамның екінші көшірмесін жасап өзінің бас пайдасына пайдалануына әкеп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, заңның 11- бабында дербес деректердің құпиялығы жайлы қол жетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын меншік иелері және (немесе) операторлар, сондай-ақ үшінші тұлғалар субъекті оларды таратуға жол бермеу талаптарын сақтау арқылы олардың құпиялылығын қамтамасыз етеді делінген. Дәл осы баптың үшінші тармағында биометриялық деректердің құпиялығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленеді деп көрсетілген, бірақ нақты қай заңнамада екені жазылмаған. Заңның 25-бабында биометриялық деректерді қоса алғанда, дербес деректерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің құқықтық негіздерін айқындайды. Жалпы деректер ол тікелей субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімімен ғана жинауға, сақтауға, өңдеуге және басқа да әрекеттер жасауға рұқсат етіледі. Деректермен жұмыс жасайтын операторлар және үшінші тұлғалар деректер құпиялығы қағидатын ұстана отырып мемлекет бекіткен ережелерге сай ғана жұмыс жасайды. Биометриялық деректерді жинау, сақтау, өңдеу осы заң аясында іске асырылады.

Қазақстан Республикасы 2021 жылы 1 қаңтардан бастап «Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы» Заң геномдық тіркеу бөлігінде қолданысқа енгізілді. Дактилоскопиялық тіркеу бөлігіндегі заң нормалары 2024

жылы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. [4] Бұл заң 2016 жылы шыққанымен, ол кезде тек арнайы санаттағы адамдардың ғана саусақ іздерін жинақтайтын. Мемлекеттік дерекқорларда адамдардың дактилоскопиялық және геномдық ақпараттың болуы табиғи апаттар, белгісіз мәйіттер, ашылмаған қылмыстар, жедел іздестіру кезінде адамның жеке басын анықтау және растау кезінде рәсімдерді жеңілдетуге мүмкіндік береді. Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы Заңның 6- бабында «дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың өз құзыреті шегінде дактилоскопиялық ақпаратты жинауға, өңдеуге немесе геномдық ақпаратты жинауға, өңдеуге, қорғауға, биологиялық материалды іріктеуге, сақтауға, пайдалануға және жоюға құқығы бар» делінген. [4] Қазақстан азаматтарынан мемлекеттік базаға енгізу үшін саусақ іздерін жинайды. Жеке тұлғаны анықтау, қылмыспен күресу және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін осы биометриялық деректерді пайдаланады. Азаматтар осы заң нормаларына сәйкес өзінің дактилоскопиялық және (немесе) геномдық ақпаратымен танысуға және ақпаратты алуға, шағым жасауға құқығы бар. Осы заңның 8- бабында дактилоскопиялық және геномдық ақпарат қол жетімділігі шектеулі дербес деректерге жататыны жазылған. Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты жинау және өңдеу оны қорғау заңмен қамтамасыз етілген жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Дактилоскопиялық және геномдық ақпаратты қорғау Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы, дербес деректер және оларды қорғау, мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады делінген. Азаматтардың деректері арнайы мемлекеттік дерекқорда тұрады және тек мемлекеттік орган ғана ол деректерді пайдаланып жұмыс жасайды. Бұл деректердің қорғалуына және таралып кетпеуіне тікелей мемлекет кепілдік береді. Биометриялық дерек оның ішінде тек саусақ іздеріне қатысты деректер ғана осы заңда көрсетілген.

Дербес деректер және биометриялық деректер мемлекеттік қызметтер алуда және мемлекеттік органдармен жұмыс жасағанда кеңінен қолданылады. Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жеке тұлғалардың

биометриялық деректерін олардың биометриялық аутентификациясы үшін жинау, өңдеу және сақтау үшін Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 406/НҚ бұйрығы қабылданды. Осы жеке тұлғалардың биометриялық деректерін Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде оларды биометриялық аутентификациялау үшін жинау, өңдеу және сақтау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және олар үшін жеке тұлғалардың биометриялық деректерін жинау, өңдеу және сақтау тәртібін айқындайды. [5] Бұл бекітілген бұйрықтың 2-тарауында биометриялық деректерді жинау және өңдеу алдында мемлекеттік корпорацияның қызметкері жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша көрсетілетін қызметті алушыны сәйкестендіруді жүргізеді және осы қағидаларға қосымшаға сәйкес биометриялық деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға жеке тұлғаның жазбаша келісімін алады. Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде оның биометриялық деректерін пайдалану шарттары мен негіздері түсіндіріледі. Биометриялық деректерді жинау процесі саусақ ізі сканерінде екі қолдың барлық саусақтарын сканерлеу арқылы бояусыз әдіспен жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда жеке тұлғаның жазбаша келісімі арқылы қайта саусақ іздерін сканерлеу жүзеге асырылады. Ал биометриялық деректерін берген жеке тұлға немесе жеке тұлғаның қамқоршысы заңды өкілі базадан өзінің биометриялық деректерін жоюды қалау туралы өтінішін жолдауға құқығы бар. Мемлекеттік корпорацияның облыстар мен Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары бойынша филиалдарының кез келген қалалық (аудандық) Халыққа қызмет көрсету бөліміне өтініш жолдай алады. Мемлекеттік корпорациялар осы бекітілген ережеге сәйкес қызмет түрін алушылардың биометриялық деректерін жинауға, сақтауға, өңдеуге тікелей қатысады және қажет болған жағдайда ҚР заңдарымен қорғауды қамтамасыз етеді.

Биометриялық деректер банк қызметтерін алуға және мобильді құрылғы арқылы банк

қосымшаларына кіруге қолданылады. Жеке тұлғаның бет бейнесін сканерлеу арқылы қосымшаға кіруге және қызметтер алуға, сонымен қатар камера арқылы электронды қол қоюға болады. Бұл биометриялық технологияның дамыған көрінісі, әрі азаматтардың уақытын үнемдеуге, қызметтерді алуға жеңілдетеді. Банктерде және микроқаржы ұйымдарда азаматтардың дербес деректерімен қатар биометриялық деректері де бар. Деректер банк базасында жиналады, өңделеді және бөгде шабуылдардан қорғалады. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасы 2024 жылы 16 тамызда банктердің, банк қызметтерінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және микроқаржы ұйымдарының биометриялық сәйкестендіруді жүргізу қағидалары туралы № 56 қаулысын бекітті. [6] Бұл қаулыда қысқаша биометриялық сәйкестендіруді жүргізу тәртібін белгілейді олар: биометриялық деректерді пайдалану және қорғау принциптері; бет бейнесі бойынша биометриялық сәйкестендіру тәртібі; сәйкестендіру деректерін алу және кескіннің дұрыстығын тексеру процедуралары; сәйкестендіру деректерін беру кезінде байланыс арналарын шифрлауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптар; биометриялық деректерді жинау, сақтау және жою процестерін құжаттау тәртібі жазылған. Қаулының 2-тарауында Идентификаттау өткізілетін адамның бет бейнесі бойынша биометриялық идентификаттау процесін жүргізу және қандай кезеңдерден тұратыны жайлы баяндалған. Әрбір сәтті өткен идентификатталау процесінен кейін тағы да биометриялық деректерді тексеру үшін қаулыға сәйкес электронды құжаттар жасалады. Бұл банк базасындағы ақпараттардың шынайы және дәлдігі үшін жасалады. Десе де қазіргі таңда азаматтардың артынан алаяқтық жасау арқылы несие рәсімдеу, қаражаттарды ұрлау, басқада банк саласымен қатысты құқықбұзушылықтар өте көп орын алуда. Сондықтан азаматтардың жеке деректерін қорғау банк ұйымдары үшін бірінші орында болуы қажет. Қаулының 1-тарауында «бейнелердің мемлекеттік дерекқоры – жеке тұлғалардың идентификаттау деректерін, сондай-ақ оларға сәйкес келетін адамның эталондық бейнелерін қамтитын

мемлекетке тиесілі дерекқор» деп анықтама көрсетілген. [6] Бұл дегеніміз жекеменшік банк және басқа да микроқаржы ұйымдарында жиналған, сақталған, өңделген биометрикалық деректердің барлығы мемлекеттік дерекқорда мемлекеттің қарауында болады деген сөз. Банк тұтынушыларының биометриялық деректерін тарап кетуден қорғайды. Қаулының мақсаты қаржы нарығындағы биометриялық сәйкестендіру процесінің ақпараттық қауіпсіздігін регламенттеу, құжаттау және қамтамасыз ету болып табылады.

Биометриялық деректерді жинау, өңдеу, сақтау жоғарыда жазылған заң нормаларымен реттеледі және қорғалады. Биометриялық деректерді пайдалану жоғарғы қауіпсіздік пен азаматтарға қолдануға ыңғайлы артықшылықтар береді, бірақ ол бірқатар құқықтық тәуекелдерді де қамтиды. Бұл тәуекелдер азаматтардың құқықтарына, деректер қауіпсіздігіне және қоғамдық нормаларға әсер етуі мүмкін, сондықтан оларды анықтау, алдын алу және басқару өте маңызды. Биометриялық деректердің басқа қорғаныс парольдерден немесе PIN-кодтардан айырмашылығы, ол өзгертілмейді. Егер мұндай деректер тарап кетсе немесе бұзылса, пайдаланушының қауіпсіздігін қалпына келтіру қиын болады. Мәселен, деректерді ауыстыру үшін зиянды бағдарламаларды пайдаланады, жалған саусақ іздерін жасайды, жалған бейнелерді пайдалану арқылы қылмыстар жасалуы мүмкін. Қазақстанда 2024 жылы 5 наурызда мемлекеттік техникалық қызмет ZAIMER.KZ микроқаржы ұйымының клиенттері болып табылатын 2 миллионнан астам Қазақстандықтардың дербес деректерінің таралып кеткенін анықтады. Robo.finance платформасында жұмыс істейтін микроқаржы клиенттерінің 36 миллионнан астам жазбалары анықталды олардың ішінде (РФ - 23,6 млн. (zaimer.ru – 16.8 млн., adengi.ru -6.8 млн.); Филиппин-5 млн. (digido.ph); Вьетнам - 2 млн. (vietloan.vn) деректері де бар. [7] Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі осы жағдайды жедел шешу үшін азаматтарға eGov порталы арқылы қарыз алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеуді және егер олар осы ұйымға өз деректерін өңдеуге келісім бермеген жағдайда ақпараттық қауіпсіздік комитетіне

жүгінуді ұсынды. Дербес деректердің таралып кетуі сияқты істер жеке компанияларда да және мемлекеттік органдарда да жиі орын алуда, Цифрлық даму министрлігі әрбір жағдайды өздері бақылауына алуда.

Биометриялық технологияларды, әсіресе бейнебақылау және жаппай сәйкестендіру жүйелерінде биометриялық деректерді қолдану азаматтардың жеке өмірге деген құпиялылық құқығының бұзылуына әкеп соғады. Қазіргі кезде бетті тану функциясы бар камералар қоғамдық орындарда, көшелерде, жеке меншік ұйымдарда жаппай қолданыста және бұл халықты заңсыз бақылауға алып келеді. Бұл дегеніміз мемлекеттік сектор немесе жеке компаниялар азаматтардың келісімінсіз биометриялық деректерді жинауда және өңдеуде. Ал деректер туралы заңнамада барлық дербес деректер оның ішінде бетті тану биометриялық дерек, барлығы тек субъектінің жазбаша келісімімен ғана жинап сақталуы қажет. Алайда, биометрияны жаппай қолдану жағдайында мұндай тәуекелдер заңнаманы одан әрі жетілдіруді талап етеді. Сонымен қатар тағы да бір биометриялық деректерді жинаудағы тәуекел ол теріс мақсатта пайдалану. Мемлекеттер тұлғаны тану жүйелері арқылы сөз бостандығын жаппай бақылау немесе қоғамдық белсенділікті бақылау үшін азаматтардың биометриялық деректерін қолдана алады. Ал жеке компаниялар азаматтардың келісімінсіз маркетинг үшін биометриялық ақпаратты пайдалана алады. Бұл нағыз заң бұзушылық себебі, жеке тұлғаның деректерін басқарып, оны заңсыз пайдалану оның өміріне қауіп төндіруі де мүмкін. Адам құқықтарын қорғау бойынша қоғамдық ұйымдардың назарында жүретін сауалда осы. Ата заңымызда жазылғандай әркімнің жеке басына қолсұғылмауына, өмірінің құпия болуына заңмен кепілдік берілген. Мәселен қоғамдық орындар мен көшелердегі орналасқан «Сергек» бейнебақылау жүйесі. Ол адамдардың бет бейнесін сканерлеп азаматтың жеке басын анықтайды. Бұл жазбалар ішкі істер органдарының бақылауымен қаралады, десе де бейнебақылаудың өзі жеке меншік компанияға тиесілі. Биометриялық деректерді қорғаудағы негізгі заң «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңның болуына қарамастан, Қазақстандағы құқықтық

нормалар технологияның дамуына әрдайым ілесе бермейді артта қалуда. Биометриялық ақпаратты өңдеуді бақылаудың қатаң тетіктерін заңда көздемейді. Бірыңғай ұлттық сенімді жүйе жоқ. Жоғарыда келтірілген нормативтік актілерде биометриялық деректердің тек саусақ ізі және бет бейнені аутентификациялау бойынша ғана нормалар қарастырылған. Ал басқа деректер туралы заң нормаларында анықтама да атыда келтірілмеген. Сонымен қатар, Қазақстан заңнамасы биометриялық деректердің трансшекаралық берілуін жеткілікті түрде реттемеген, бұл олардың деректерді қорғау деңгейі төмен елдерге беріліп кету қаупін тудырады. Қазақстандықтардың көпшілігі биометриялық деректерге қатысты өз құқықтары туралы білмейді. Бұл өз кезегінде деректердің таралып, сақталмауына тәуекелдерді арттыра түседі.

Қорытындылай келе, биометриялық деректер ыңғайлылық пен қауіпсіздікті арттырудың қуатты құралы болып табылады, бірақ оларды Қазақстанда пайдалану бірқатар тәуекелдерді тудырады. Биометриялық деректерді жинау, сақтау, өңдеу және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бұл тек бір ғана заңмен шешілетін мәселе емес. Жоғарыда айтылған тәуекелдер тек бастамасы, тереңінен қарастырсақ басқада құқықтық мәселелер шығады. Дербес деректе биометриялық деректе қазіргі таңда ең өзекті ақпарат болып табылады. Биометриялық технологиялар күнделікті өміріміздің бет айнасы болып отыр. Деректерді пайдалану кезінде туындайтын тәуекелдерді азайту үшін заңнамалық, техникалық қорғау шараларын және азаматтардың хабардарлығын арттыруды қамтитын кешенді тәсілді ұйымдастыру қажет.

Біріншіден, заңнаманы күшейту керек. Биометриялық деректерді өңдеуді, жинауды, сақтауды реттейтін жаңа нормативтік актілерді әзірлеу. Биометриялық деректің түрлеріне жеке мән беру қажет заң жүзінде. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 79- бабында дербес деректерді заңсыз жинап өңдегені үшін айыппұл көзделген. Ал қылмыстық іс әрекеттер бар екені дәлелденсе қылмыстық кодекстің 147-бабы бойынша үш жылға бас бостандығынан айыру немесе айыппұл көзделген. Көп жағдайда бұл құқық бұзушылық әрекеті тек айыппұлмен

ғана шектеліп қалып жатыр. Сондықтанда деректерді таратқаны немесе рұқсатсыз пайдаланғаны үшін заңдағы санкцияларды қатандату қажет. Оның ішінде мемлекеттік секторлар мен басқа ірі компанияларға қатысты шараларды да күшейту керек.

Екіншіден, мемлекеттік органдарда және биометриялық деректер қорын пайдаланатын компанияларда киберқауіпсіздік қызметін жетілдіру керек. Биометриялық ақпараттарға қолжеткізу үшін арнайы қауіпсіздікті ұстанған жөн. Мемлекетте биометриялық дерекқор бар деді, осы дерекқордың қауіпсіздігін күшейту қажет. Бірыңғай деректер базасын құрып ондағы деректердің заңнамаға сәйкес өңделіп, тарап кетпеуі үшін бақылау жүргізу керек. Сонымен қатар жеке тұлғаға қатысты деректерді сақтау шараларында, оның ішінде деректі сақтау мерзімін белгілесек, сонда кейбір деректердің жарамдылық мерзімі немесе ол автоматты жүйе де жаңартылса. Бұл өз кезегінде ескі деректердің жаңартылуын және деректердің құнын өсіреді.

Сонымен қатар, азаматтардың өздерінің дербес және биометриялық деректерге қатысты хабардарлығын арттыру. Сайттарда, қосымшаларда, онлайн қызмет алуда алдын ала ескертпелер мен хабарламаларды мұқият қарау туралы үгіт насихат жүргізу қажет. Биометрияға қатысты құқықтар мен міндеттер туралы халықты хабардар ету.

Ғылыми мақаланы жазу барысында зерттеуге қойылған мақсат толықтай ашылды және жоғарыда биометриялық деректерге қатысты ішкі нормативтік актілерге шолу жасалынды. Биометрияны пайдалануға қатысты пайда болатын тәуекелдер туралы айтылып, автор ретінде салдардың алдын алу үшін ұсыныстар жасалынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>
2. Халықаралық стандарт ISO/IEC 2387-37:2012 // <https://cdn.standards.iteh.ai/samples/55194/fef0ed97811646d6bc5bac24033c83b6/ISO-IEC-2382-37-2012.pdf>

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2023 жылғы 1 қыркүйек // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>

4. Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 40-VI Дактилоскопиялық және геномдық тіркеу туралы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000040>

5. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 27 қазандағы № 406/НҚ Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жеке тұлғаларды биометриялық сәйкестендіру үшін олардың биометриялық деректерін жинау, өңдеу және сақтау қағидаларын бекіту туралы бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021547>

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 56 Банк қызметтерінің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды және микроқаржы ұйымдарын биометриялық сәйкестендіруді жүргізу қағидаларын бекіту туралы қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034950>

7. Микроқаржы ұйымында Қазақстан Республикасы азаматтарының дербес деректерінің жариялануы туралы «zaimer.kz» // <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/details/>

References

1. The Law of the Republic of Kazakhstan dated May 21, 2013 No. 94-V “On personal data and their protection” / / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094> 2. International standard ISO/IEC 2387-37:2012 // <https://cdn.standards.iteh.ai/samples/55194/fef0ed97811646d6bc5bac24033c83b6/ISO-IEC-2382-37-2012.pdf>.

3. The message of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan “the economic benchmark of fair Kazakhstan” on September 1, 2023 // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>.

4. The Law of the Republic of Kazakhstan dated December 30, 2016 No. 40-VI On fingerprint and genomic registration // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000040>.

5. Order of the Minister of Digital Development, Innovation and Aerospace Industry of the Republic of Kazakhstan dated October 27, 2020 No. 406/OD On Approval of the Rules for Collecting, Processing and Storing Biometric Data of Individuals for Biometric Identification in the Provision of Public Services // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021547>.

6. Resolution of the Board of the Agency of the Republic of Kazakhstan for Regulation and Development of the Financial Market dated August 16, 2024 No. 56 “On approval of the Rules for Biometric Identification of Organizations providing certain types of banking services and microfinance organizations” / / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034950>.

7. On the publication of personal data of citizens of the Republic of Kazakhstan in a microfinance organization “zaimer.kz” // <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/details/>.

Список использованной литературы

1. Закон Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите» / / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000094>.

2. Международный стандарт ISO/IEC 2387-37:2012 // <https://cdn.standards.iteh.ai/samples/55194/fef0ed97811646d6bc5bac24033c83b6/ISO-IEC-2382-37-2012.pdf>.

3. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «экономический ориентир справедливого Казахстана» 1 сентября 2023 года // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-adiletti-kazakstannyn-ekonomikalyk-bagdary-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-18333>.

4. Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2016 года № 40-VI О дактилоскопической и геномной регистрации // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000040>.

5. Приказ министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан от 27 октября 2020 года № 406/ОД Об утверждении правил сбора, обработки и хранения биометрических данных физических

лиц для биометрической идентификации при оказании государственных услуг // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000021547>.

6. Постановление Правления Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка от 16 августа 2024 года № 56 «Об утверждении Правил проведения биометрической идентификации организаций,

осуществляющих отдельные виды банковских услуг, и микрофинансовых организаций» / / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400034950>.

7. О публикации персональных данных граждан Республики Казахстан в микрофинансовой организации «zaimer.kz»// <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/press/news/details/> .